

СЕКСЕН ТӨРТ МЫҢ КИІЗ ҮЙМЕН БАРАҚ ОҒЫЗ ТҮРІКТЕРІ АНАДОЛЫДА ОРЫН АЛДЫ

<http://www.enu.kz>

Ата қоныс ұлан-байтақ Орталық Азия даласында жарқыраған Түрік әлемінің темірқазығы, Қазақстанның аса көрнекті ғылым-этнографы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың иегері

Ақселеу Сланұлы Сейдімбекпен мен алғаш рет бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылы тамыздың бір ыстық күні, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратындағы құрылыс орталығында танысқан едім.

Осы жыл байырғы Түріктерде жыл санау әдісінше қоян жылы еді. Қоян жылынан күтетін құт береке дарытатын қасиетті де, қастерлі терең ұғымдар біздің бүкіл достығымызға ортақ еді.

«Қыпшақтың ең атақты қобызшыларынан Барақ бақсы мен Мағжан Жұмабаевтың «Қойлыбайдың Қобызы» атты дастанындағы Барақ батырды және Барақ есімді сұлтан, батырлардың ішінде Қойлыбайдың кезеңіне жақынырақ келетіні оның әкесі Әбурахпаның туған бажасы – Барақ сұлтан» [1] туралы менің көп сұрақтарым бар еді!

Себебі, түпкі тегі Алтайдан тараған туысқан Түрік халықтарының көне тарихы, таң ғажайып әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрлерін және ортақ қазынасы Түрік тілдерінің керемет сырларын, әсіресе ру тайпалық бөліктері, ауыз әдебиеттері арасындағы қарым-қатынастарды зерделей келе, мен Орталық Азиядан көшіп кетіп Кіші Азияның оңтүстік шығыс аймақтары бойынша, таулық Газиантеп алқабында «Сексен төрт мың киіз үймен» тарих сахнасында орын алған [2:7] Барақ қауымының, яғни, Газиантеп облысы Барақ Оғыз Түріктерінің, Барақ сұлтан және Барақ батырмен байланысты бар ма?, - деп айтқанымда, Ақаңның көңілге қонымды жауабы:

- «Тарихи деректерге қарағанда Қазақ тарихында сегіз Барақ бар екен», - болды.

Анадолы елдерін мекендеген Түркия Түріктерінің ежелден бері ата жұртымыз деп айтатын Қазақстан және Сыр елі осы күннен кейін мені тағы да басқа ой елегіне жетеледі.

Ақаң маған, «Оғыздардың екі емшегі бар» деп, айтатын.

«Арал анамыздың» [3: XXI] қойнында жақсы сақталатын қос Сейхүн мен Жейхүн өзендердің бойында IX – XI ғасырларда Хорезм аумағында қоғамдық құрылыста өмір сүрген және кейін батысқа қарай көшіп Түркменстан, Азербайжан, Гагауыз Жері, Урымлы және Түркия Түріктерінің негізін құрайтын үлкен бір Түрік бұтағы болып табылатын Оғыздардың Анадолы даласындағы Алатау, ала ат, ала бұғы, ала текемет, ала үйрек сияқты жер, су, тау аттары бәрі ата жұртымыз Қазақстанда да бар.

«Жер, су, тау атауларының да айтары бар», - деген Ақаң, «Осының көп сыр себептері бар!», «Түрік әлемінің және ата-баба мұрасы өркениетіміздің жәдігері жер, су, тау атаулары бәріміздің жазба тарихымыз», - деуші еді.

«Он ғасырдан астам уақыт бабалардың айтуыменен» [4:1] атадан ұрпаққа өте отырып, аманат етілгендіктен, «Ортақ болғандықтан» [5:XII] және ата – баба отаны сезімі әлі де болса өз тазалығын жоғалтпады.

Ақаңның айтуынша, «Ежелгі Түрік тарихына қарап, түп анасы Көк Бөріден шыққан оқиғалар желісінде Түрік халықтарының жер бетіне жайылуының терең тарихы бар. Соның ішінде, Алтайдан бастап батысқа қарай Сырдария, Ертіс пен Амударияның алтын өзен жағалауларын мекендеген Оғыздар ол жерде де өздерінің туып-өскен топырағына сыймай, ат басын жаңадан күн батысқа

бағыттап Анадолы елдеріне көшіп кетіп, бүкіл әлемге тараған соң, жер бетін жаулап алған дүние жүзіндегі ең атақты Түрік бұтағы деп танылды» деген сынды, осы туралы айтылған сансыз кездесу мен мол мағлұматты сұхбаттарымыз болушы еді.

Астанада, Түрік құрылыс орталықтарына жұмыс істеуге келетін Ақмола облысы және Қарағанды облысының қазақтары мен Түркияның Газиантеп облысы Барақ Оғыз Түріктерінің араларындағы өте көп ұқсастықтар жөнінде пікір алысуда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жобалау орталықтарында және Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы Аграрлық университетінің Қазақ тілі кафедрасы бөлімдеріндегі профессорлар, жазушы академиктер мен ректорлармен сұхбаттасам да, көбінесе Ақаңмен әңгімелесетінмін.

Жазбаша және ауызша Түрік дереккөздерінде Барақ Оғыз Түріктері жайлы кездеспеген кейбір тақырыпты Ақаңнан тыңдадым.

«3000 жылдық көшпелі»[6:19] қауымнан Барақ Оғыз Түріктерінің «Көшіп – қонар жұрт» [6:6] киіз үй өмірінен бас тартулары әрі тұрақты түрде Газиантеп және айналасындағы жазықтық жерге орналасулары жайында оқиғалар бар...

«Ұзақ-жақын түгел Анадолы кеңістігінде шырқаған, аты аңызға айналған киелі құс Дөнен шапалақы мысалы» [7:13] күндіз-түні «Тоқтаусыз, аялдамастан!» [7:13] «Көшпелі өмірдің ең көне сәттерінен бастап бүгінге дейінгі ең тамаша сәттерін» [7:6] тоқтаусыз айтылумен және қайталанумен келген «Жазықтық Газиантеп маңы жайлауы

DERLEYEN VE NOTAYA ALAN: Abdullah BAKADAN
KAYNAK KİŞİ: Ahmet ATEŞ

İSKAN

OF AMAN YA BRE E FEN DİM
Dİ YE GEL DİM YA NI NA AH ŞEKATİM Dİ YE GEDİM YA NI NA
AH ÇOK GEZ DİM DE GENE GEDİM YA NI NA
DER Dİ MİN ÜS TÜ NE DE DER VER DİN BA NA
OY BEKENDEDİ ME DER MANARAKEN
DER DİM BİR İKENDÖRT VER DİN BA NA

[3:50]

бойынша мәжбүр мекен алу, жергілікті Арап қауымдары, көршілес көшпелі тайпалармен соғыстар және ата жұртқа қатысты сағыныш пен сезім толы көші-қон кезінде шыққан күй жырлардың» [3:50] Қазақ күйлері мен Сыр жырларына қандай қарым-қатынасы бар?,- деп, осы тараптан келгенде Ақанмен әр дайым бір бірімізге мол сұрақтарымыз, сауалды сұхбаттарымыз таусылмай таңды таңға ұратынбыз.

«Ит жаманы Барақты, ит жақсысы Тарақты; ер жаманы Барақты, ер жақсысы Тарақты», деп әзілдейтін Ақселеу, тағы бірде «Ит жеті қазынаның бірі» дейтін.

Бұрынғылар «Әр айдың оты басқа» [8] деп, жаздың ыстық тамызында мың сан жылқы, түйе мен түлік малын жайлаған, қыстың көзі қырауда тоқтаусыз қыстайтын кең далада көшіп-қонып жүрген. «Көктем мен жаз, жаз бен күз, күз бен қыстың қолайсыз күндерінде» [9] аяқ баспаған от, таза су мен малдың арқасында жүрген көшпелі Барак Оғыз Түріктерінің арғы ататегі жайлы ауызша деректер мен соның төңірегінде аңыз әңгімелер ел арасында көп қой.

Ауызша шежірелерде қариялардың пайымдауынша, Барак Оғыз Түркітерінің тарихы жыртқыш құсқа байланысты аңыздан басталады.

Сонау заманнан бері ақсақалдардың ауызынан көне ғасырлардан сыр суыртпақтаған осы әңгімені, бала кезімізде құдай ұмытқан Анадолы ауылдарында көпті көрген кейбір қариялардан талай естідік.

«Аңыз бойынша, ұшы-қиыры жоқ Орталық Азия тауларының шыңында, тамырлары жерден нәр алған жалғыз бір шынар ағашы өсіпті. Бұл ағаштың кей кезде көк аспанмен құшақтаса тілдескен қою көлеңкелі бұтақтарының арасына жасы ұлғайған киелі құс Келкенес өз өлімін сезініп, екі жұмыртқа салып кетеді!

Жұмыртқанның біреуінен батыр деген, «Көк Барак Ит» шығады! Екінші жұмыртқаның не болғаны, немесе одан кім шыққаны белгісіз.» [2: 9]

Көшпелі тайпа мәселелері сұхбаттарынан бүгінгі күнімізге дейін келген бұл аңыздың, жалпы, Түрік тілді халықтардың шыққан тегі туралы әңгіме және дастандарымен қарым-қатынасты бар болғаны мағлұм екен.

Мысалы, «Тибеттер өздерінің арғы тегін маймылдың еркегі мен раушастың (орман-аруақ) ұрғашысынын шыққан, Моңғолдар – көкбөрі мен ақмаралдан, Телестер– бөрі мен хұн шаньюінің қызынан, Түріктер– хұн ханзадасы мен қаншық қасқырдан тараған деп есептейді.» [10: 22]

Осы тұрғыдан келгенде, нақты түрде белгіленбеген, ауызша деректерге қарағанда тарихы оқиғалар және көшпелі ру мен тайпалар тұралы сұхбаттарда, көнекөз қариялардың кезінде айтып кеткен әңгімесін қайтадан еске түсірсек, аңызда білінбейтін мәселелер бар.

Себебі, кең байтақ далада жалғыз бір ұлы шынар ағашы мен қай жерден келгендігі, қайда баратыны, не екені белгісіз жасы келген жыртқыш бір құс туралы айтылады.

Аңыздың тағы да басқа ең қызықты жері, құстың еркегі жоқ!

Қос жұмыртқаның біреуінен, «Көк Барак Ит» деген батыр дүниеге келген кейін не болғаны және екіншісінен кім шыққаны немесе ақыры не болғаны да белгісіз.

Ата-бабаларымыз айтпақшы, «Ит құтты, ат құтты, әйел құтты» деген мақал еске түсіп отыр!

Өзіме қарап, Барак Оғыз Түріктерінің арғы тегі еркек шынар ағашы аруағы мен ұрғашы құстан шыққан ба, деп ойлаймын.

Құдайға жүз мың шүкір! Бала кезімізде бұрыннан келе жатқан көшпелі тіршілікті көрдім, ішінде болдым.

Өте ұзақ емес, тағы да кейін ең соңғы отыз, қырық жыл шамасында оңтүстік шығыс Түркия маңы аймақтарын және үн жоқ, түн жоқ Сурия шөл даласын мекендеген Барак Бейділі тайпаларының жазы-қысы вертикаль, горизонталь көшпелі тіршілігін де көргенмін.

Осы тұрғыдан келгенде, Барак ру мен тайпаларының арғы тегі туралы аңыз әңгімелерінің мазмұны, олардың кейінгі ұрпақтары үшін бүгін ең күрделі және ең маңызды көп мәселелердің бірі болып келе жатыр!

«Мен ең соңғы көшпелі тіршілікті көрген Қазақпын» деген ұлы тұлға Тарақты Ақселеу Сланұлы Сейдімбек, Кеңестер Одағы заманының білімін алған классик бір Қазақ ғалымы емес, ол, жаңалықтарға ашық, тарихқа шыншыл бір Түрк дүниесі профессоры еді.

Түркологияның және Түрік Әлемі этнологиясының толып жатқан мәселелері жайында, қырық сан кирил әріпімен жазылған Қазақ алфавитіне байланысты сұрақтарыма қарай түсінік мен көзқарастырын өзіме айтар-ды.

Ақ-патша Империясында және Кеңестер Одағы Мемлекеттік шекарасында бұратана ұлт болып қала беретіндіктің дәлелі, орыс ғалымдарынан қалған жаман мирас термин сөздер, үкімдер, атаулар және алфавиттер мәселесін турасында әр уақыт әңгімелестік.

«Түрік аты астында қырық үш этнос халық бар...» деп айқан, Ақаң, сөздің расын да айтты:

«Ортақ Түрік алфавиті, ортақ Түрік тілі, жаңа ортақ термин сөздерге байланысты мәселелерді қозғау үшін үлкенді-кішілі қырық үш этносның әр бірінен төрт-төрттен ғалымды бір араға келтіріп, соларды пайдалану арқылы жұмыс жүзеге асырылады...!», - деген еді.

Сөзбе сөз айтқанда, Ақаң, «Ұлы дала сөзінің ғылым тілінде елу төрт мағынасы бар, географиялық тілде жиырма үш мағынасы бар», - дейді.

Қазақ Әлемінің шежірелік қайнар көзі және Түрік Дүниесінің дәстүрлі көшпелілер қоғамына қатысты дәлелдерді ғалыми еңбектерінде орнықтыра алған Ақаңмен дос болып әңгімелескен жылдарымды құрметпен еске аламын.

Анадолы даласында, «Ат өлу майдан қалу, жігіт өлу даңқ қалу!» деген ұлағатты сөз бар. Жол көрсетуші үлкен тұлға, көрнекті ғалым жазушы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек аға, Сіз, Түркия Түріктерінің де Ақаңсыз!

Эрол Гюнейлигиль мырзаға!

Қазақта «Өліге деген құрмет-тірілер үшін» деген аталы сөз бар.

Бұл сөздің мағынасы - өткен өмірдің өнегелі ісі бүгінге, бүгіннің өнегелі ісі болашаққа жалғасу керек дегенде саяды. Яғни, мәдени-рухани сабақтастық болса ғана өмірде мағына болады, қоғамда реттілік пен үйлесім болады деген сөз.

Осы тұрғыдан келгенде, Эрол Гюнейлигиль мырза, Сіз Түрік халқының ұлы перзенті Лоханлы Хөкгеш туралы мол дерек жинап, игілігі зор еңбек тындырғансыз. Өнердің қайнар көзі халықта екенін дәлелдеп шыққансыз.

Лоханлы Хөкгеш өнері бүкіл Түркі халықтары мақтаныш етуге лайық. Өйткені, ол сан ғасыр бойы шындалған халық өнерінің аса дарынды тұлғасы. Онын өлмес өнері арқылы Түрік халқының текті мәдениетін тануға болады. Әсіресе, Газиантеп Барақ Искан үлгісін бүгінгі күнге жеткізген, сөйтіп Түрік халқының тамаша бір өнер мектебін өміршең еткен Лоханлы Хөкгеш еңбегі мен дарынына тағзым етемін. Ұлттың мерей-мәртебесін осындай тұлғалар асқақтатады.

Эрол Гюнейлигиль мырза, Түріктің бір ұлы перзентінің рухани ғұмырын ұзартқаныңыз үшін Сізге зор ризашылығымды білдіремін!

Тәңір жарылқасын! 21. 03. 2007.

Ақселеу Сейдімбек

Проф. Қ Р. Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. [11]

ӘДЕБИЕТ

- 1.Сүлейман Максұтбек, Астана айнасы Инфо– Цес 23-11-2009 No:42(1198).
- 2.Гюнейлигиль Эрол, Оғыз Қыпшақ Түріктері Туралы Деректер Мен Көшпелі Тайпа Мәселелері, Газиантеп 2008. 200 б.
- 3.Гюнейлигиль Эрол, Түрік Халық Музыкасы Газиантеп Барақ Искан Үлгісі Лоханлы Хөкгеш Туралы Деректер, Газиантеп 2003. 200 б.
- 4.Arsunar Ferruh, Gaziantep Folkloru, MEB, İstanbul 1962.
- 5.Demirel Süleyman, “Korkut Ataya Saygı”, Kazakistan’da Dede Korkut, AKM, Ankara 2000.
- 6.Сейдімбек Сланұлы Ақселеу, Қазақ Әлемі, Санат, Алматы 1997.

7. Andican Ahat, “Açış konuşması”, Doğumunun 70.Yıl Dönümünde Cengiz Aytmatov Uluslararası Bilgi Şöleni Bildirileri, AKM, Ankara 1999.
8. Сейдімбек Ақселеу және Эрол Гюнейлигиль. Он Жыл Сұхбаттар, ЕҰУ, Астана 1999-2009.
9. Сүлейман Мақсұтбек, Астана айнасы Инфо– Цес 28-9-2012 No:39(1350).
10. Гумилев Лев, Көне Түріктер, Алматы «білім» 1994. 480 б.
11. Ақселеу Сланұлы Сейдімбектен келген хат.